

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Шерхан Мұртаза атындағы

Халықаралық Тараз

инновациялық институтының  
президенті, т.ғ.д.

Н. Муслимов  
08 2023 ж.



**ИНСТИТУТҚА ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАР МЕН  
ПРОФЕССОРЛАРДЫ ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**  
**СМЖ ҚЕ 4-2-5-2023**

Тараз 2023 ж.

	<p style="text-align: center;">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p style="text-align: center;">Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p style="text-align: center;">Институтка шетелдік ғалымдар мен профессорларды шакыру туралы ережесі</p>	<p style="text-align: center;">Е 4-2-5-2023</p> <p style="text-align: center;">СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
---	---	---

### АЛҒЫ СӨЗ

**1. Әзірлегендер:**

- Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры Д.Ы. Нұрмұханбет
- Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар басқармасының басшысы Л.С. Қожамжарова

**2. Келісілді:**

- Институттың вице-президенті М.Н. Сарыбеков
- Заң басқармасының басшысы Е.Е. Матжанов
- Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы Б.К. Жундибаева

*Институт Президентінің 31. 08. 2023 № 216 бүйрекімен бекітілді  
және іске қосылды.*

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шакыру туралы ережесі</p>	<p>E 4-2-5-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
---	---	---

<b>№</b>	<b>МАЗМУНЫ</b>	<b>беті</b>
----------	----------------	-------------

1.	Қолданылу саласы.....	4
2.	Нормативтік сілтемелер.....	4
3.	Анықтамалар.....	5
4.	Қыскартулар.....	5
5.	Жауапкершілік.....	5
6.	Жалпы ережелер.....	5
7.	Шетелдік ғалымдарға қойылатын жалпы талаптар мен конкурс өткізу шарттары.....	6
8.	Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша келетін шетелдік ғалымдардың міндеттері.....	7
9.	Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасын жүзеге асыру.....	8
10.	Шетелдік ғалым мен профессордың қызметтеріне ақы төлеу.....	9
11.	Шетелдік ғалымдарды әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету.....	10
12.	Шетел азаматтарын медициналық сактандыру туралы.....	10
13.	Өзгерістерді енгізу тәртібі.....	10
14.	Келісу, сақтау және тарату.....	11
15.	Қосымша 1.....	12
16.	Қосымша 2.....	13-14
17.	Қосымша 3.....	15
18.	Қосымша 4.....	16
19.	Келісу парагы.....	17
20.	Танысу парагы.....	18
21.	Тарату парагы.....	19
22.	Өзгерістер енгізу парагы.....	20

	<p style="text-align: center;">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p style="text-align: center;">Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p style="text-align: center;">Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру туралы ережесі</p>	<p style="text-align: right;">Е 4-2-5-2023</p> <p style="text-align: right;">СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚҰ 17-2023</p>
---	---	---

зерттеу жұмысын жүргізу үшін шетелдік ғалым ретінде немесе штаттық қызметкер ретінде шақырылған шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту рәсімін сипаттайты, сондай-ақ ҚР ФЖБМ негізінде немесе институттың меншікті қаражаты және басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүргізілген шығыстардың бағытын, пайдаланылуын, рәсімделуін және есепке алынуын нақтылады.

6.2. Шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту жөніндегі іс-шараларды іске асыруға Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы, факультет декандары мен кафедра менгерушілері, сондай-ақ факультеттердегі жауапты үйлестірушілер тартылады.

6.3 Институтқа келетін шетелдік ғалымдар және профессорлармен келісім - шарт жасалынады.

6.4 Институтқа шақырылған шетелдік ғалым мен профессордың бағдарламасы аяқталғаннан кейін кафедра менгерушісі факультет деканы немесе ФЗО директоры жеті күннен кешікпей Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасына атқарылған жұмыс жөніндегі есебін ұсынады.

6.5 Шақырылған шетелдік ғалым мен профессорлар, егер заңнамалық актілерде өзгеше жағдай көзделмесе, Қазакстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін және осы ережедегі міндеттемелердің орындалуы үшін барлық іс-әрекеттер үшін дербес жауапты.

6.6 Институтқа шетелдік ғалым мен профессорларды шақырту бағдарламасы келесіндегі қаржыландыру арқылы жүзеге асады:

- ҚР ФЖБМ бюджет қаражаты;
- шетелдік ғылыми білім беру корларының қаржыландыруы;
- өз қаражаты;
- басқа да.

## **7. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР МЕН КОНКУРС ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ**

7.1 Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша келетін ғалымдарға қойылатын негізгі талаптар келесіндегі:

- ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD докторы), ғылыми атағы (профессор, кауымдастырылған профессор) балуы қажет;
- шақырту сәтінде ЖОО-да ғылыми-педагогикалық қызметінің кемінде 5 жыл болуы;
- шақырту сәтінде Хирип индексі кемінде 2-ге тең болуы;
- шақырту сәтінде ағылшын тілінде ең кемі С1 дәрежесін растайтын сертификаттың болуы керек (республикалық бюджет есебінен шақырылған жағдайда);

7.2 Институтқа шетелдік ғалымдарды шақыртудың негізгі критерийлері:

- Бакалавриат, магистратура бойынша мамандар даярлайтын білім беру бағдарламаларының пән (модульдер) курстары бойынша бос орындардың болуы;
- Институттың меншікті қаржы қаражатының немесе басқа да қаржыландыру көздерінің болуы тиіс.

7.3 Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы конкурсқа қатысатын үміткерлерді карау үшін ректордың бүйрекшімен комиссия құрады.

7.4 Шетелдік ғалым комиссияның қарауына келесі құжаттарды ұсынады:

	<p style="text-align: center;">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p style="text-align: center;">Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар баскармасы</p> <p style="text-align: center;">Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру туралы ережесі</p>	<p style="text-align: center;">Е 4-2-5-2023</p> <p style="text-align: center;">СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
---	---	---

## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институттың (ары қарай - Институт) шетелдік ғалымдарды шақырту үдерісін ұйымдастыру, ягни келу тәртібін, шақыру рәсімін және олардың қызметтеріне ақы төлеуді белгілейді.

1.2 Бұл Ереже институтқа шетелден ғалымдар шақырғанда негізгі нұсқаулық ретінде пайдаланылады.

1.3 Бұл Ереже институттың ішкі нормативтік құжаты болып табылады және шетелден ғалымдар шақырту мүмкіндігіне ие барлық кафедраларға таратылады.

1.4 Ереже институттың СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Институт ережесін дайындау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды және сілтеме жасалынды: «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін шақыртуға квота белгілеу және оны Қазақстан Республикасының өнірлері арасында бөлу, еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін шақыртуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдарды айқындау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 802 қаулысы (28.04.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулермен және толықтырулармен).

2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Заңына «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін шақыртуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 27 маусымдағы №559 Бұйрығы. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2337 Заңы (13.05.2020 ж. жағдай бойынша өзгертулер және толықтырулармен). «Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан зансыз өтетін. Қазақстан Республикасының аумағында зансыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 кантардағы №148 қаулысы. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы. «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысы.

	<p style="text-align: center;">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p style="text-align: center;">Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p style="text-align: center;">Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шакыру туралы ережесі</p>	<p style="text-align: center;">Е 4-2-5-2023</p> <p style="text-align: center;">СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
---	---	---

### 3. АНЫҚТАМАЛАР

#### 3.1 Анықтамалар:

Шетелдік ғалым казіргі уақытта жоғары оку орнында жұмыс істейтін және білім беру мекемесінде кемінде 5 жыл педагогикалық қызметтің өтілі, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы ғылыми дәрежесі, доктор, магистр академиялық дәрежесі бар, педагогикалық қызметтің жүзеге асыру үшін белгілі бір мерзімге институттің ресми шақырыу бойынша келетін шетелдік азамат. Шетелдік ғалымдардың ғылыми-педагогикалық қызметтің бұл оқылатын пәндер бойынша оку жұмыс бағдарламаларын өзірлеу және ғылыми зерттеуден тұратын қызмет. Осы бағдарламаларды іске асыру (дәрістер оку, практикалық, семинар сабактарын және зертханалық практикумдарды отқызу, білімді бағалаудың қорытынды бақылауын және шеберлік-кластарын өткізу, сондай-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу). Шетелдік ғалымдарды шақырту бойынша шығыстар бұл бакалавриат, магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі ғылыми-педагогикалық қызметтің жүзеге асыруды жүргізілетін, білім беру қызметтерін көрсету саласында шетелдік мамандарды шақыруға байланысты шығыстар.

### 4. ҚЫСҚАРТУЛАР

Институттың осы ережесінде келесі қысқартулар қолданылады:

ГЗО-Ғылыми зерттеу орталығы;

Институт – Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық тараз инновациялық институты;

ИЕ – Институт ережесі;

ҚР ФЖБМ- Казакстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ҚР ПМ - Казакстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

ЖБКББК - Жоғары білімнен кейінгі білім беру комитеті;

БББ Білім беру бағдарламасы;

КҚҚ - Көші-қон қызмет комитеті;

СМЖ - Сапа менеджменті жүйесі;

Ереже - Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ереже.

### 5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

ИЕ институттың Ғылыми Кеңес мәжілісінде бекітіледі. Бекітілген ереже қолданушылардың назарына «Танысу парағына» қол қойыла отырып, жеткізу жауапкершілігі кафедра менгерушілеріне және факультет декандарына жүктеледі. Осы ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының басшысына жүктеледі.

### 6. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1 Осы Ереже институттың стратегиялық жоспары негізінде өзірленді және ҚР ФЖБМ, басқа да қаржыландыру көздері шенберінде институтқа сабак беру және ғылыми-

	<p style="text-align: center;">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p style="text-align: center;">Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар баскармасы</p> <p style="text-align: center;">Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру туралы ережесі</p>	<p style="text-align: center;">Е 4-2-5-2023</p> <p style="text-align: center;">СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
---	---	---

- шетел азаматы төлкүжатының көшірмесі;
- ғылыми дәрежесін немесе атағын растайтын дипломдар мен сертификаттардың Көшірмесі;
- соңғы 5 жылдағы ғылыми және оқу-әдістемелік жарияланымдар тізімі;
- түйіндеме:
- оқу-әдістемелік материалдар (дәрістер, бейнедәрістер, онлайн-курстар, жобалау жұмыстары, білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалауға арналған материалдар);
- ғылыми-педагогикалық және білім беру қызметін жузеге асыру үшін шетелдік ғалымның институтта болу кезеңіндегі іс-шаралар жоспары (3-қосымша).

## **8. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫ ШАҚЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КЕЛЕТИН ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРИ**

8.1 Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы 2-3 апталық, 1 семестрлік және бір жылдық мерзіммен жүзеге асырылады.

8.2 Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша 3 аптаға дейінгі мерзіммен келетін шетелдік ғалымдар келесідей міндеттерді орындауы тиіс:

- Институтта (бейнедәрістер, онлайн конференциялар, case study, дәрістер, жобалық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған сұрақтар, аралық және қорытынды бақылаудың тест тапсырмалары және т.б.) жасау:

- оқу үдерісіне инновациялық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету;
- 5 ECTS кредиттік бір пәннің лекцияларын оку;

- импакт-факторы жоғары (процентилі 50 деңгейде емес Scopus базасындағы, Q2 деңгейде емес Web of Science базасындағы журналдарда) ғылыми журналдарда бірлескен ғылыми жарияланымдар шығаруға дайындық (research proposal);

- кафедрада ПОҚ-мен бірлескен оқу-әдістемелік күралдар бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу;

- институттың кітапхана корын электронды және қағаз тасымалдағыштардағы шетел әдебиеттерімен, сондай-ақ бағдарламалық өнімдермен толықтыруға жәрдемдесу (кітаптар тізімі, кітаптар мен электронды нұсқалары).

8.3. Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша I семестрге (6 ай) келетін шетелдік ғалымдар келесі міндеттерді орындауы тиіс:

- Институттың (бейнедәрістер, онлайн конференциялар, case study, дәрістер, жобалық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған сұрақтар, аралық және қорытынды бақылаудың тест тапсырмалары, файлдар репозиторийін күру және т.б.) оқу үдерісіне инновациялық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету;

- 5 ECTS кредиттік екі пәннің лекцияларын оку: импакт-факторы жоғары (процентилі 50 деңгейде емес Scopus базасындағы, Q2 деңгейде емес Web Of Science базасындағы журналдарда) ғылыми журналдарда 1 ғылыми жарияланым шыгару;

- кафедраның ОПҚ-мен бірлескен оқу-әдістемелік күралдарын әзірлеу;

- институттың кітапхана корын электронды және қағаз тасымалдағыштардағы шетел әдебиеттерімен, сондай-ақ бағдарламалық өнімдермен толықтыруға жәрдемдесу кітаптар тізімі, кітаптар мен электронды нұсқалары.

8.4. Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша 1 жылға (12 ай) келетін шетелдік ғалымдар келесі міндеттерді орындауы тиіс:

	<p style="text-align: center;">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p style="text-align: center;">Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p style="text-align: center;">Институтка шетелдік ғалымдар мен профессорларды шакыру туралы ережесі</p>	<p style="text-align: center;">Е 4-2-5-2023</p> <p style="text-align: center;">СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
---	---	---

- Институттың (бейнедәрістер, онлайн конференциялар, case study, дәрістер. Жобалық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған сұрақтар, аралық және қорытынды бақылаудың тест тапсырмалары, файлдар репозиторийін күру және т.б.) оку үдерісіне инновациялық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету;
- 5 ECTS кредиттік екі пәннің лекцияларын оку;
- импакт-факторы жоғары (процентилі 50 деңгемен емес Scopus базасындағы Q2 кем емес Web Of Science базасындағы журналдарда ғылыми журналдарда 2 ғылыми жарияланым шығару;
- кафедраның ПОҚ-мен бірлескен оку-әдістемелік құралдарды әзірлеу;
- институттың кітапхана қорын электронды және қағаз тасымалдағыштардағы шетел әдебиеттерімен, сондай-ақ бағдарламалық өнімдермен толықтыруға жәрдемдесу кітаптар тізімі, кітаптар мен электронды варианттары;
- халықаралық қорлар мен бағдарламалар бойынша бірлескен ғылыми жобаларға құжаттарды конкурска әзірлеу, катысу (мысалы: Tubitak, Chevening, Fulbright, Эразмус+).

## **9. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫ ШАҚЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҰЗЕГЕ АСЫРУ**

**9.1 ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫ ШАҚЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ИНСТИТУТ ҚҰРЫЛЫМДАРНЫҢ КЕЛЕСІ ІС-КИМЫЛ АЛГОРИТМІ БЕЛГІЛЕНЕДІ:**

- Әр оку жылшының сонында 15 маусымға дейін факультет декандары курстың атауын, кредиттер санын, өткізу мерзімін, білім алушылар контингентін, білім деңгейін, оқыту нәтижелерін көрсете отырып, білім беру бағдарламалары бойынша дәрістер оку және зертханалық-практикалық, семинар сабактарын өткізу үшін шетелдік ғалымдарды, профессорларды шакыру өтінімдерін (шакыру хаттарын) ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасына жібереді (1-қосымша). Қажет болған жағдайда ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы факультеттерге білім беру бағдарламаларының басым бағыттары бойынша шақырылатын шетелдік ғалымның, профессордың қажетті кандидатурасын іздестіруге жәрдемдеседі;

- ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Академиялық саясат басқармасымен бірлесе отырып, факультеттердің білім беру бағдарламалары бойынша шетелдік ғалымдарды, профессорларды дәріс окуға және зертханалық-практикалық, семинар сабактарын өткізуға шакыру жоспарын жасайды және жоспарды Институт ректоры, Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар проректоры бекітеді. Объективті себептерді ескере отырып, жоспарға өзгертулер енгізуға жол беріледі;

- Бірнеше үміткер пайда болған жағдайда, оның мамандану бағыты бойынша халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларындағы және ғылыми-әдістемелік басылымдардағы жұмыс тәжірибесімен бірге, ғылыми мақалаларды жариялау көрсеткіштері басқа үміткерлерге қараганда жоғары болатын үміткерге басымдық беріледі;

- ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы факультет декандарының өтінімдері негізінде шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту жоспарын жасайды және Институт ректоры, Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар проректоры бекітеді. Бекітілген жоспар институт сайтына орналастырылады:

	<p style="text-align: center;">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p style="text-align: center;">Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p style="text-align: center;">Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру туралы ережесі</p>	<p style="text-align: center;">Е 4-2-5-2023</p> <p style="text-align: center;">СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
---	---	---

- Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы сайтта бекітілген жоспарға сәйкес шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру үшін бос орындарға конкурс жариялады;

- Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы конкурсы шарттарын көрсете отырып, оку сабактары басталардан екі жарым ай бүрын шетелдік ғалымның, профессордың қажетті кандидатурасын анықтау үшін шақыру хатын жолдайды;

- Шетелдік ғалым, профессор оку сабактарын, білім алушылардың аралық және корытынды бақылау бағасын институттің ережелеріне сәйкес жүргізеді;

- Шетелдік ғалымды, профессорды қабылдайтын факультет пен шақыруышы кафедра институт сайтында акпараттық сүйемелдеуді (пресс-релиз және т.б.) қамтамасыз етеді;

- Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы ҚР ПМ Қоші-қон қызмет комитетінде (бұдан әрі - КҚҚ) шетелдік ғалымды/профессорды тіркеуді жүргізеді және шетелдік ғалымның келуін, орналасуын ұйымдастыру туралы бүйрық шығарады;

- Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы шетелдік ғалымды шақыруы бойынша қажетті құжаттарды дайындайды және институтта көрсетілген мерзімге жұмыс визасын алу үшін еңбек шартын (2- қосымша) рәсімдейді. Жұмыс визасын рәсімдеу және визалық қолдауды институт қаржаты есебінен немесе бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру шенберінде төлейді;

- Шетелдік ғалым жұмыс визасын алғаннан кейін және келу күні расталғаннан кейін Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы жұмысқа қабылдау туралы бүйрық дайындайды.

- Факультет пен кафедра менгерушілері шетелдік ғалымның, профессордың оку жүктемесінің көлемін, оку сабактарын өткізу кестесін айқындайды, сондай-ақ шетелдік профессормен шарттық міндеттемелердің тиісті деңгейде орындалуына жауапты және бақылау жүргізеді.

- Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Экономика және қаржы басқармасымен бірлесіп ғалымның, профессордың шақыртылуы бойынша шығыстар сметасын өзірлейді;

- Шетелдік ғалымның келу мерзімі өзгерген жағдайда Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы бұл туралы тиісті бөлімдерді және факультет пен мамандық шығарушы кафедраны хабардар етеді.

- Шетелдік ғалымды, профессорды қабылдайтын факультет пен кафедралар қажет болған жағдайда шетелдік ғалымның институтта болу мерзімдерінің өзгеруі туралы Фылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Академиялық саясат басқармасын уақтылы хабардар етеді;

- Экономика және қаржы басқармасы шетелдік ғалымның, профессордың көрсеткен қызмет ақысын төлейді.

- Өтінімдер орыс және ағылшын тілдерінің бірінде ұсынылады.

## 10. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМ МЕН ПРОФЕССОРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРИНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

Осы Ережеде шақырылған шетелдік ғалымдар мен профессорларды штат құрамына шақырту жөніндегі шығыстар деп мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес білім берудің екі деңгейі (бакалавриат, магистратура) бойынша мамандар даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін көрсету үшін, сондай-ақ институттің QS рейтингіндегі позицияларын жаксарту үшін шақырылған шетелдік

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шакыру туралы ережесі</p>	<p>E 4-2-5-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
---	---	---

ғалымдарды кафедралардың штат кұрамының бос орындарына косуға байланысты шығыстарден түсінеді.

10.1 Шетелдік ғалымдар мен профессорларды шакырту жөніндегі шығыстарға шақырылған шетелдік ғалымдар мен оқытушылар үшін сағаттық жалақының шекті мөлшерін Өкілетті кеңесі бекітетін ганорарды төлеу және олардың Қазақстан Республикасында болуын рәсімдеу, визалық қолдау жөніндегі шығыстар жатады.

10.2 Әрбір жеке жағдайда болу уақытына, оқылатын курстын өзектілігіне байланысты, бірақ белгіленген шекті нормалардан аспайтын жеке төлем белгіленеді. Қажет болған жағдайда (іріктеудің қажетті критерийлеріне сәйкес келетін накты шетелдік оқытушыны шақырудың негізгі қажеттілігі кезінде) шетелдік оқытушыларды шакырту жөніндегі шығыстарға олардың тұратын жерінен ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын жерге дейін шақырушы институт аумағында жол журу және кері қайту шығыстары жатқызылуы мүмкін.

10.3 Банкеттерді, бос уақытты, ойын-сауықты немесе демалысты ұйымдастыруға арналған шығыстар, сондай-ақ тамактануға арналған шығыстар өтелуге жатпайды.

10.4 Шетелдік ғалым келгеннен кейін, Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы салық төлеушінің тіркеу нөмірін және банктегі шотты рәсімдейді. Төлкүжаттың нотариалды күәландырылған аудармасын Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы жүзеге асырады, ал шығыстарын институт көтереді.

10.5 Бас бухгалтер шетелдік оқытушының шақыруы бойынша шығыстарды сатып алу/өтеу үшін Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы ұсынған құжаттардың негізінде жасалған жеке еңбек шартына сәйкес уақтылы төлем жүргізеді.

10.6 Шетелдік ғалымның қызметтеріне акы төлеу бойынша есеп айырысу тенгемен жүзеге асырылады:

10.7 Білім беру қызметтеріне акы төлеу орындалған қызметтер актісінің негізінде жүргізіледі.

10.8 Еңбек шарты бойынша жалакы төлеу әр ай аяқталғаннан кейін табельге сәйкес жүргізіледі.

## 11. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ӘЛЕУМЕТТИК-ТҰРМЫСТЫҚ

11.1 Шетелдік ғалымға демалыс күндері (мереке және демалыс күндері) институт қызметкерлері сияқты беріледі.

11.2 Институт шетелдік ғалымды тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

## 12. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

12.1 Институтқа оның шақыруы бойынша келетін шетелдік ғалымдар мен профессорлардың өз елінде жолды коса алғанда, барлық болу мерзіміне рәсімделген медициналық сақтандыру полисі болуы міндетті немесе оны қазақстандық сақтандыру ұйымдарынан сатып ала алады.

12.2 Сақтандыру жағдайы басталған жағдайда медициналық мекемемен өзара іс-қимыл бойынша барлық формалдылықтарды тиісті құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері мәселелердің өздеріне тиесілігі бойынша реттейді.

## 13. ӨЗГЕРИСТЕРДІ ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шакыру туралы ережесі</p>	<p>E 4-2-5-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
---	---	---

13.1 Институттың осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу құжатталған ақпараттарды басқару процедурасына сәйкес жүзеге асады.

13.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

#### 14. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

14.1 Осы Институт Ережесін талқылау және келісу Ғылыми кенес отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделіп, бекітуге және өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы шығарады.


14.2 Шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы Ереженің әзірленуіне Ғылым департаменті, мазмұны мен шақырту талаптарын талқылап келісуге Академиялық саясат басқармасы Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Факультеттер оны ережелер қатарына қосуга, жауапты болады.

14.3 Осы Институт Ережесінің жұмыс данасын сақтау, көбейту және қолданушыларға жіберу үшін жауапкершілік Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы, Академиялық саясат басқармасы басшыларына жүктеледі. Осы Институт Ережесінің жұмыс нұсқалары факультет декандарына, ғылыми істер жөніндегі декан орынбасарларына, кафедра менгерушілеріне электронды пошта адрестері бойынша жіберіледі.

Ғылыми жұмыс және халықаралық  
байланыстар басқармасының басшысы



Л.С. Қожамжарова



	<p style="text-align: center;">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p style="text-align: center;">Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p style="text-align: center;">Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру туралы ережесі</p>	<p style="text-align: center;">Е 4-2-5-2023</p> <p style="text-align: center;">СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
---	---	---

**Қосымша 1**  
шетелдік ғалымдарды, профессорларды шақыру хат үлгісі

Институт ректорына

### Шақыру хат

Сізді \_\_\_\_\_ институтының \_\_\_\_\_ факультеті<sup>1</sup>  
 \_\_\_\_\_ кафедрасы оқытушы профессор \_\_\_\_\_ (жол ақысы мен  
 шығындарын институт тарапынан төленеді) \_\_\_\_\_ уақыт  
 аралығында сабак және семинарлар өткізу үшін Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық  
 Тараз инновациялық институты шақырады.

Күрметпен,

\_\_\_\_\_ Ректор

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Фылими жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шакыру туралы ережесі</p>	<p>E 4-2-5-2023</p> <p>СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
--	---	---

## ***Косымша 2***

Енбек шарты үлгісі

### **КЕЛІСІМ ШАРТ *Қызмет көрсету туралы***

Тараз қаласы

«\_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж.

Бір жағынан Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты атынан Жарғы негізінде әрекет етуші институт ректоры \_\_\_\_\_ (бұдан былай "Тапсырыс беруші") және екінші жағынан \_\_\_\_\_ (бұдан былай "Орындаушы") арасында төмендегі келісім-шарт жасалды:

#### **1. Келісім шарттың мәні**

- 1.1. "Орындаушы" осы келісім - шартта көрсетілген қызмет (жұмыс) түрін көрсетуге (орындауға), ал "Тапсырыс беруші" орындалған жұмысты кабылдауға және осы көрсетілген қызмет (орындаған жұмыс) үшін акы төлеуге міндеттенеді. Осы келісім - шарт бойынша көрсетілген қызмет (орындалатын жұмыс) түрі:

---



---



---

#### **2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

- 2.1. "Орындаушы", "Тапсырыс берушінің" талабы бойынша осы аралық мерзімінде қызмет (жұмыс) түрлерін орындауға міндеттенеді:

---



---



---

2.2. "Тапсырыс беруші", "Орындаушыдан" аткаратын (орынрайтын) жұмысы бойынша пән жетекшісінің сапасына қатысты қортындысы негізінде қабылдауға.

2.3. "Тапсырыс беруші", "Орындаушының" істеген (орындаған) жұмысы үшін осы келісім - шарттың 3.1. тармағында көрсетілген ақыны төлеуге міндеттенеді.

#### **3. Ақы төлеу тәртібі мен мөлшері**

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Фылими жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Институтта шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру туралы ережесі</p>	<p>E 4-2-5-2023</p> <p>СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҮ 17-2023</p>
--	---	---

3.1. "Тапсырыс беруші". "Орындаушының" көрсеткен қызметі (орындаған жұмысы) үшін:  
тенге көлемінде ақы төлейді.

3.2. Тапсырыс беруші орындаушыға осы келісім - шарттың 3.1-тармағында көрсетілген.  
Жалпы соманы ай сайын \_\_\_\_\_ көлемінде бөліп төлейді.

#### 4. Келісім - шарттың жарамдылық мерзімі

4.1 Осы келісім - шарт тараптар қол қойған кезден бастап күшіне еніп, келісім - шартта көрсетілген қызмет (жұмыс) түрі толығымен орындалған кезден бастап күшін жояды.

#### 5. Корытынды

5.1 Осы келісім - шартқа енгізілген кез-келген өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, оған қол қоюға өкілеттігі бар адам қол қойған кезде ғана жарамды болады.

5.2 Осы келісім - шарттан туындаған барлық даулар екі жактың келісімі бойынша шешіледі, егер екі жақ өзара келісімге келе алмаған жағдайда дауды институт КР қолданыстағы зандары шегінде орындауды талап етуге құқылы.

5.3 Осы келісім - шарт мәтіні бірдей құқықтық күшке ие 2 данада қазақ тілінде жасалады.

#### 5. Тараптардың занды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері

##### Тапсырыс беруші

«Шерхан мұртаза атындағы халықаралық  
Тараз инновациялық институты»  
080000, Қазақстан Республикасы,  
Тараз қаласы, Желтоксан көшесі, 69 Б  
E-mail: [htii\\_kz@mail.ru](mailto:htii_kz@mail.ru)  
АО «БанкЦентрКредит»  
БСН 080640010161  
ЖКС KZ288562203101941039  
БИК KCJBKZKX  
Кбе 17  
Ректор \_\_\_\_\_

##### Орындауши

Мекен - жайы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Жеке куәлік №: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

Тел: \_\_\_\_\_  
Колы: \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру туралы ережесі</p>	<p>E 4-2-5-2023</p> <p>СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК ҚY 17-2023</p>
--	---	---

**Қосымша 3**  
Іс - шаралар жоспарының үлгісі

№	Атқарылатын іс-шаралар жоспары	Орындалу мерзімі
1	Шетелдік ғалымның келуі, құжаттарды реттеу процестерінің аяқталуы, орналасуы	
2	Факультеттегі жұмыс, оқыту процесімен, ББ бағдарламасымен танысуы	
3	Арнайы бекітілген жүктеме негізінде өз саласы бойынша дәріс оқу, семинар жүргізу	
4	Оку-әдістемелік кешендер (бейнедәрістер, конференциялар, case study, дәрістер, жобалық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған сұрақтар, аралық және қорытынды бақылаудың тест тапсырмалары, файлдар репозиторийін күру және т.б.) оқу үдерісіне инновациялық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету	
5	Импакт - факторы жоғары (процентилі 50 деңгектен кем емес scopus базасындағы, О2 кем емес web of science базасындағы журналдарда) ғылыми журналдарда бірлескен ғылыми жарияланымдар шығару	
6	Кафедраның ПОҚ-мен бірлескен оқу-әдістемелік күралдарды әзірлеу	
7	Факультеттің ғылыми жұмыстарына, шараларына белсene атсалысу (шара атауы)	
8	Факультеттің даму стратегиясына катысты ұсыныстарын ауызша және жазбаша сипатта беру	
9	Факультете ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен семинарлар өткізу бойынша ұсыныстарын беруі және өткізуіне өз улесін қосуы	

Келісілді:

факультет деканы \_\_\_\_\_

(аты-жөні)

(қолы)

кафедра менгерушісі \_\_\_\_\_

(аты-жөні)

(қолы)

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Фылими жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p>Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру туралы ережесі</p>	<p>E 4-2-5-2023</p> <p>СМЖ «Фылими жұмыс және халықаралық байланыс» YK KY 17-2023</p>
---	---	---

#### *Қосымша 4*

Ұсыныс хаттың үлгісі

Шақырылатын институттың ректоры

---



---

#### **Ұсыныс хат**

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ жылды Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты мен \_\_\_\_\_ арасында қол қойылған халықаралық ынтымақтастық хаттамасы негізінде теменде аты- жөні, салалары және қызмет ету мерзімі көрсетілген профессорлық - оқытушылар құрамын кәсіби білімі мен тәжірибесін арттыру мақсатында шығындарының \_\_\_\_\_ (өз есебінен, институт есебінен) болуы шартымен қабылдаудың ұсынады.



Аты-жөні	Факультет	Кафедра	Мерзімі

Ректор

**Аты-жөні**

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Институтқа шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру туралы ережесі</p>	<p>E 4-2-5-2023 СМЖ «Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс» ҮК КҰ 17-2023</p>
---	---	--

### 15. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
<b>Келісілді:</b>			
Институттың вице-президенті	М.Н. Сарыбеков		28. 08. 2023
Зан бесқармасының басшысы	Е.Е. Матжанов		28. 08. 2023
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева		28. 08. 2023
Кәсіподак комитетінің төраіймы	Ш.И. Алимкулова		28. 08. 2023